

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 931 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелері құрылсын.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелері қайта ұйымдастырылсын.

3. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелері қайта аталсын.

4. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

21) тармақша алып тасталсын;

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"40) республикалық бюджеттің, облыс бюджетінің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте түсімдерді көрсету тәртібін әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 357) тармақшамен толықтырылсын:

"357) есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті дайындау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына ұсыну; Қазақстан Республикасының Парламентінде қарау кезінде есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің қорғалуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;"

ведомстволардың функцияларында:

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) республикалық және облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің уақытша бос бюджет ақшасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің салымдарына (депозиттеріне) орналастыру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттері бойынша республикалық бюджетке сыйақылар (мүдде) көлемін болжамдау;"

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелердің тізбесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі";

мынадай мазмұндағы 51-1-тармақпен толықтырылсын:

"51-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Алматы облысы бойынша қазынашылық департаменті Райымбек ауданының қазынашылық басқармасы.";

114-тармақ алып тасталсын;

164 және 165-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"164. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Павлодар облысы бойынша қазынашылық департаменті Тереңкөл ауданының қазынашылық басқармасы.

165. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Павлодар облысы бойынша қазынашылық департаменті Аққулы ауданының қазынашылық басқармасы.";

мынадай мазмұндағы 200-1 және 200-2-тармақтармен толықтырылсын:

"200-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Түркістан облысы бойынша қазынашылық департаменті Мақтаарал ауданының қазынашылық басқармасы.

200-2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Түркістан облысы бойынша қазынашылық департаменті Келес ауданының қазынашылық басқармасы.";

202 және 203-тармақтар алып тасталсын;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

184 және 185-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"184. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Павлодар облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Тереңкөл ауданының мемлекеттік кірістер басқармасы.

185. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Павлодар облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Аққулы ауданының мемлекеттік кірістер басқармасы.".

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 931 қаулысына  
1-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің құрылатын аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Алматы облысы бойынша қазынашылық департаменті Райымбек ауданының қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Түркістан облысы бойынша қазынашылық департаменті Мақтаарал ауданының қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Түркістан облысы бойынша қазынашылық департаменті Келес ауданының қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 931 қаулысына  
2-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің қайта ұйымдастырылатын аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Октябрь аудандық қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің Алмалы аудандық қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі мен "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаментінің Бостандық аудандық қазынашылық басқармасы"

республикалық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 931 қаулысына  
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің қайта аталатын аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті бойынша

:

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Павлодар облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Қашыр аудандық қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Павлодар облысы бойынша қазынашылық департаменті Тереңкөл ауданының қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Павлодар облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Лебяжі аудандық қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Павлодар облысы бойынша қазынашылық департаменті Аққулы ауданының қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті бойынша:

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қашыр ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Павлодар облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Тереңкөл ауданының мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Лебяжі ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің

Павлодар облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Аққулы ауданының мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК